БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі Б.Сансызбаев

Ертеңгілік

Тақырыбы:Қош келдің білім күні!

Барлық топтар

2026-2027 оқу жылы

Тақырыбы « Қош келдің білім күні»

Мақсаты: 1 қыркүйек - Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру. Ата Заң күні мерекесін атап өту. Сахналық мәдениетін қалыптастыру.Мерекелік көңіл - күй сыйлау.Көңілді орта қалыптастыру.

Жүргізуші:Құрметті ата-аналар мен тәрбиешілер. Бүгін бізде ерекше күн!Алғашқы қоңырау соғылып,білімнің жаңа оқу жылы басталды. Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке 1- ші қыркүйек білім күнімен құттықтаймын.

Биіктерге бастайтын асқаралы
Әр жүректің сүйікті, асқақ әні.
Мерекеде бәріміз бір дауыспен
Шырқайық еліміздің әнұранын!

ҚР Мемлекеттік әнұраны орындалады.
Бүгінгі білім күнімен құттықтау құрметі «Ақжайық бөбекжай-балабақшасының» меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайға сөз кезегін берейік.

Келесі кезекте «**Байтерек**» мектепалды даярлық тобының орындауында хор «**Ұстазым**»

Жүргізіші: Жарайсыңдар бүлдіршіндер,келесі кезекте мың бұралған «**Балдырған**» ортаңғы тобының **«Үйретеді»** биін көріп тамашалайық.

Жүргізіші:Керемет би болды рақмет балапандар.Келесі кезегімізді **«Балдырған»** ортаңғы тобының тәрбиеленушісі Юлдашева Мариямның орындауында **«Бақшамызға мың алғыс»** әні

Жүргізуші: Енді біздің балалардың білім күніне арналған тақпақтарын тыңдап көріңіздер. «**Аққөгершін**» мектепалды даярлық тобы.

Салханов М

Ғылымның көп тас қамалы.

Ғылымдықта асқарлы

Тақырыбы « Қош келдің білім күні»

Мақсаты: 1 қыркүйек - Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру. Ата Заң күні мерекесін атап өту. Сахналық мәдениетін қалыптастыру.Мерекелік көңіл - күй сыйлау.Көңілді орта қалыптастыру.

Жүргізуші:Құрметті ата-аналар мен тәрбиешілер. Бүгін бізде ерекше күн!Алғашқы қоңырау соғылып,білімнің жаңа оқу жылы басталды. Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке 1- ші қыркүйек білім күнімен құттықтаймын.

Биіктерге бастайтын асқаралы
Әр жүректің сүйікті, асқақ әні.
Мерекеде бәріміз бір дауыспен
Шырқайық еліміздің әнұранын!

ҚР Мемлекеттік әнұраны орындалады.
Бүгінгі білім күнімен құттықтау құрметі «Ақжайық бөбекжай-балабақшасының» меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайға сөз кезегін берейік.

Келесі кезекте «**Байтерек**» мектепалды даярлық тобының орындауында хор «**Ұстазым**»

Жүргізіші: Жарайсыңдар бүлдіршіндер,келесі кезекте мың бұралған «**Балдырған**» ортаңғы тобының «**Үйретеді**» биін көріп тамашалайық.

Жүргізіші:Керемет би болды рақмет балапандар.Келесі кезегімізді «**Балдырған**» ортаңғы тобының тәрбиеленушісі Юлдашева Мариямның орындауында «**Бақшамызға мың алғыс**» әні

Жүргізуші: Енді біздің балалардың білім күніне арналған тақпақтарын тыңдап көріңіздер. «**Ақкогершін**» мектепалды даярлық тобы.

Салханов М

Ғылымның көп тас қамалы.

Ғылымдықта асқарлы

Бар білімнің нұр бастауы

Балабақшадан басталды.

Ибадулла Д

Өсті міне бойымыз

Өсті міне ойымыз

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын тойымыз

Назима

Кел - кел досым бақшаға

Естимісің үнімді

Сауат ашып тіл дамытып

Үйренейік білімді.

Айым

Бүкіл елде басталып бүгін жыры

Бақ қоңырау шақырар ұғымдын

Құтты болсын бүгінгі білім күні

Жасур

Әлемдегі барша жұрт,

Бас иеді білімге.

Білім күнін қарсы алып,

Қыркүйектің бірінде.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, бүлдіршіндер керемет жаттаулар жаттапсыңдар.

Келесі кезекте **«Күншуақ»** ересек тобының орындауында би **флешмоб**

Жүргізуші :Білім бастауы – балабақшада.Ендеше бүгінгі мерекемізде келесі әнімізді балабақшамызға арнайық!

«Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері Тайырова Хадича, Аширбаев Рашид орындауында **«Ұстазым»** әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші: Балалар сендер бүгін қандай әдемі киініп алғансыңдар.Бүгінгі мерекелік іс-шарамызға **«Балдырған»** ортаңғы тобының жаттаған тақпақтары бар екен қанекей тыңдайықшы.

Имран
Бірінші қырқүйек,
Қуанышты күн екен
Білім алып ойнаймыз,
Достарменен тойлаймыз.

Дария
Қоңырау үнімен
Ізгілікті жинаған,
Сағыныш оянды,
Тәтті сезім сыйлаған.

Зарина
Апайымды сағындым,
Достарымды сағындым.
Бүгін міне бақшаға,
Қуанышпен бардым мен.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, бүлдіршіндер керемет жаттаулар жаттапсыңдар.

Келесі кезекте **«Күншуақ»** ересек тобының орындауында **«Құпия-кітап»** биін тамашалайық.

Жүргізуші: Керемет би болды рақмет сендерге балалар.
ал ендеше мың бұралған бишілерде сендерден қалыспаймыз дейді,олай болса бірге тамашалайық. **«Ақкөгершін»** мектепалды даярлық тобы би **«Крутые мальчики»**
Жүргізуші : Жарайсыңдар, Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер,білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған кезекті хорға берейік. «**Күншуақ**» ересек тобының орындауында «**Алғашқы қоңырау**».

Жүргізіші: Жарайсыңдар бүлдіршіндер,келесі кезекте мың бұралған **«Бәйтерек»** мектепалды даярлық тобының **«Әліппе»** биін қарсы алыңыздар.

Жүргізіші:

Жаңа киім үстімде,

Мақтанғымда келеді,

Білім тойы үстінде

Шаттанғымда келеді дегендей, келесі кезекте «**Балдырған**» ортаңғы тобының тақпақтарын тыңдайық.

Ясина

Білім күні келді,

Қуанышқа бөлейді.

Балабақша төрінде,

Балақайлар күледі!

Ифара

Оқимыз да, жазамыз,

Білім алып өсеміз.

Ақылды боп әрқашан,

Жақсы бала боламыз!

Мариям

Білім алып бақшада,

Өнер білім үйреніп

Тату-тәтті достасып,

Бақытты боп өсеміз!

Абдулазиз

Білім керек бәріне,

Білім керек сәніне.

Оқып-біліп әрқашан,

Жетеміз біз бәріне!

Жүргізуші: Керемет жарайсыңдар, ендігі кезекті «**Ақкөгершін**» мектепалды даярлық тобының орындауында хор «**Оқып біліп үйренеміз**»

Жүргізуші : Келесі кезекте «**Байтерек**» мектепалды даярлық тобының орындауында **Флешмоб**.

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар біздің балаларымыздың баршасы өнерлі. Ендігі кезекті «**Бәйтерек**» мектепалды даярлық тобының білім күніне арналған тақпақтарына береміз.

Амина

Білім күні келді бүгін

Көңілге нұр құйды үнін

Бақшаға қадам басып

Арта берсін білімім

Билол

Білім күні құтты болсын

Күлімдесін бар бала

Арман қуып,алға басып

Жетейік биік мақсатқа

Саламат

Туған ана тіліңде

Қасиетті дінің де

Көкейіңе ұялар

Құштар болсақ білімге

Эльвина

Кел балалар оқылық

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық,

Оқысаңыз балалар

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан

Іздемей-ақ табылар.

Али

Әлемдегі барша жұрт

Бас иеді білімге

Білім күнін қарсы алып

Қыркүйектің бірінде

Нұркен

Я в детский сад иду

Всех друзей своих найду

Будем вместе мы играть,

Песни петь и танцевать

Рашид

Первый день сентября

Поздравляю всех друзей

Будем дружно мы играть

Много нового узнать.

Рухшона

Білім менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жұзем оқу айдынында

Жайып білім желкенін.

Нурмухаммад

Детский сад,детский сад

Каждый здесь ребятам рад

Мы играем и поем

Очень весело живем.

Айша

Туған ана тіліңде

Қасиетті дініңде,

Көкейіңе ұялар

Құштар болсаң білімге.

Жүргізуші:

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы

Балабақшадан басталады!

Жүргізуші : Келесі кезекте «**Байтерек**» мектепалды даярлық тобының орындауында **Флешмоб**.

Алғашқы қоңырау соғу салтанаты

Жүргізуші: Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен аяқталды.Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Ден қойып тамашалағандарыңыз үшін рақмет!



БЕКІТЕМІН:
ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

25 - қазан Республика күні

Барлық топтар

Тәрбиеші:Абдраманова Х

2026-2027 оқу жылы

25 қазан – Республика күніне арналған мерекелік іс-шара

Мақсаты:

Балаларға Республика күні туралы түсінік беру. Отанды сүюге, туған жерін құрметтеуге, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуге тәрбиелеу. Балалардың бойында патриоттық сезім қалыптастыру.

Безендірілуі: Зал көк және алтын түсті шарлармен безендіріледі. Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы орналастырылады. «25 қазан – Республика күні» деген жазу ілінеді.

1. Мерекенің ашылуы

Залға әсем әуенмен балалар қолдарына көк жалауша ұстап кіреді. Сап түзеп тұрады.

Әнұран орындалады .

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, аяулы бүлдіршіндер!

Бүгін біз еліміз үшін ерекше мереке – 25 қазан Республика күнін атап өту үшін жиналып отырмыз!

Қазақстан – біздің туған Отанымыз. Біз осы кең байтақ елде өмір сүріп жатырмыз. Еліміз тыныш, аспанымыз ашық, болашағымыз жарқын болсын!

Бүгінгі мерекеміз Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке толы болсын!

Жүргізуші:

Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан!

Жүргізуші: Қазақстанның астанасы қай қала?

Балалар: Нұрсұлтан!

Жүргізуші: Ендеше, Отанымызға арнаған арнайы хорымызбен іс -шарамызды ашық деп жариялаймыз .

Жүргізуші :Сахна төріне Гүлдер тобының балапандарын мерекелік хорымен қарсы алыңыздар .

Жүргізуші:

Жарайсыңдар, балалар! Отанды сүю – туған жеріңді, еліңді, тіліңді құрметтеуден басталады.

Ал енді еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы әңгімелесейік.

Жүргізуші:

Балалар, Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік рәміздері бар?

Балалар:

Ту, Елтаңба, Әнұран!

Жүргізуші:

Дұрыс айтасыңдар!

* Туымыз – ашық аспанымыздың, бейбітшіліктің белгісі.

* Елтаңбамыз – еліміздің бірлігі мен ортақ шаңырағының белгісі.

* Әнұранымыз – елімізге деген мақтанышымызды білдіретін салтанатты ән.

Жүргізуші:Олай болса мерекелік кешіміздің келесі кезеңін отанымыз туралы тақпақтарға берсек .

Жүргізуші:Балдәурен және Балдырған тобының балапандарын мерекелік тақпақтарымен қарсы алыңыздар.

Дария

Азаттықтың көк туы ,

Желбіресін көгімде.

Бар жақсылық орналсын,

Егемендік елімде.

Имран

Республика күні бұл,

Мерекеміз мерейлі.

Тақпақ айтып жаттаймыз,

Тақылдатып көмейді.

Рахман

Республика күнімен,

Құттықтаймын сіздерді.

Республика күнімен,

Құтты болсын қазағым.

Имона

Мен бақытты баламын,

Айтқан тілді аламын.

Республика күнінде,

Жұлдыз болып жанамын.

Темур

Кең жазық отан мекенім,

Сенде өсіп көктедім.

Сені қорғау парызым,

Мұны біліп отемін.

София

Қазақстан-еліміз,

Бақыттығой күніміз.

Құрбан

Менің елім,менің елім –Қазақстан.

Жүргізуші:Жарайсыңдар балапандар.

Ал,олай болса мерекелік кешімізді тойлай отырып,бір билеп серігіп алсақ.

Аққөгершін мад тобының сері жігіттерін сахна төріне шақырсақ.

Жүргізуші:Көк аспандай көк туым,

Желбірейді елімде.

Бейбітшілік белгісі,

Жарқырайды төрімде.

Бүгінгі мерекелік кешке ерекше дайыдықпен келген қыздарымыз бар екен.Бәйтерек тобының сұлу қыздарын қара жорға биімен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші:Жарайсыңдар, өнерлерің өрлей берсін.Келесі кезекті Күншуақ тобының балапандарына берсек.

Жүргізуші:Аспанымыз ашық болсын,

Күніміз әр кез жарық болсын.

Елімізде тыныштық,

Әрбір ұйде бақыт болсын.

Мерекелік іс-шарамызды әрі қарай жалғастырсақ.Арнайы дайындаған әдемі әндерімен Аққөгершін тобының балапандарын сахна төріне шақырсақ.

Жүргізуші:Біз,қазақ халқы оны ұзақ аңсадық, арман тілегіміз ғасырлар бойы жырға қосып ,тасқа қашадық.Күнен күн келді,аңсаған таң атты, тілегіміз қабыл болып,егемендік болдық.Сен мықтылардың қатарындасың.Шарықта, самға.Тәуелсіз Республикам менің тек алға.

Жүргізуші:Балдәурен тобының балапандарын Қазақстан биімен қарсы алыңыздар.

Келесі кезекті Балдарған тобының арнайы дайындаған қыздарының биіне берсек.Би Тәуелсіз қазақтың қызымын.

Жүргізуші:Ақжайық,Алтай арасы,

Қазақтың шалқар даласы.

Республикама қарашы.

Жерімнің дәмі маржандай,

Қырманы асқар таулардай,

Республикама қарашы.

Іс-шарамыздың келесі кезеңін Гүлдер және Аққөгершін тобының балапандарына берсек.

Абдулазиз:

Арыстандай айбаттым.

Жолбарыстай қайраттым,

Аспандаған байрақтың

Қанша жұлдыз жайнаттың.

Қанша бұлбұл сайраттың,

Қазақстан ардақтым.

Күнді құшқан қос қыран,

Аясында қалқыған.

Аспан түсті туым бар,

Көк теңіздей шалқыған.

Айиша:

Кенге толы қойнауы,

Төлге толы жайлауы

Ол - біздің Қазақстан!

Анамыздай тілеуі ақ,

Отан бізде біреу-ақ,

Ол біздің Қазақстан!

Мариям: Ақжайық, Алтай арасы,

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай,

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Абдулазиз:

Республика күні бұл,

Құтты болсын гүл елім.

Көңілімнің нұрысың,

Сен деп соғады жүрегім.

Аққөгершін тобының балапандары .

1.Жиырма бесінші қазан — мереке,

Қуаныш сыйлар береке.

Қазақстан — Отаным,

Мақтан тұтам мен сені!

2 .Отаным менің — Қазақстан,

Жайнай берші, кең байтақ далам!

Көк байрағым желбіреп,

Мақтанамын мен саған!

3.Туған жерім -Қазақстан

Кең даласы жарасқан.

Көк туымыз желбіреп,

Бейбіт өмір орнаған

4.Қазақстан — еліміз,

Бақытты өскен жеріміз.

Көк аспанда күн күліп,

Қуанады көңіліміз!

Жүргізуші: Жарайсыңдар , балалар .

Олай болса, өздерінің әдемі билерімен Бәйтерек тобының сері жігіттерін арнайы дайындаған билерімен сахна төріне қарсы алыңыздар .

Жүргізуші: Келесі кезекті Балдырған тобының балапандарының дайындаған биіне берсек.

Жүргізуші: Осы орайда Гүлдер тобының бүлдіршіндеріде қалыспақ емес . Мерекелік іс-шараға арнайы флешмеб дайындаған екен , бірге қосылып билейік .

Жүргізуші:Республика күні бұл,

Шаттығымды көбейтер.

Қазағымның үні бұл,

Тынысымды кеңейтер...

Келесі кезекті Бәйтерек тобының балапандарының арнайы дайындаған әніне берсек.

Хор:Республика күні .

Жүргізуші: Республикамыз әр қашан жайнай берсін . Құттықтау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Сансызбаев Батырхан ағайымызға берсек .

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, аяулы бүлдіршіндер!

Бүгінгі Республика күніне арналған мерекеміз өз мәресіне жетті.

Отанымызды сүйіп, туған жерімізді қадірлейік! Еліміздің көк байрағы әрдайым биікте желбіресін!

Қазақстанымыз гүлденіп, халқымыз аман болсын.

Сау болыңыздар!


Республика
күні
25


еспублика
уні
25
қазан
25 қазан
Республика күні
Елім барда –
мен бармын!

